

**«Манап Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжі» МКҚК  
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша  
анықтамасы**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ 2-тарау 7-бабына сәйкес, Сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында колледж 21-мамыр 2024 жылғы № 26-н/қ ішкі бұйрығына сәйкес М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінің кәсіподақ мүшелерінен алынған жарнаның заңға сәйкестігін анықтау мақсатында жұмыс тобы бекітілді, олар: «Тілдер» кафедрасының меңгерушісі А.М.Жананова және «Техникалық пәндер» кафедрасының меңгерушісі А.Д.Байсалова.

Аталған мәселе бойынша 2014 жылғы 27 маусымдағы №211-V «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы негізге алынып зерделеу жұмысы жүргізілді.

Колледждегі кәсіподақ 9 мүшеден құрылған. Төраға - Каюпов А.Т. Мүшелері: Бекбулатова Р.М., Алшынбаев Б.Е., Нуранов А.У., Балғабаева Д.Т., Заурбеков М.Н., Асилбекова Ғ.Қ., Зиябекова Б.Ж., Тлеуқабылова Д.А.

Жұмыс барысында кәсіподақ төрағасы Аль-Фараби Каюпов кәсіподақ алдында тұрған міндеттер мен кадрлық құрамның тұрақтылығы, ақпараттық ресурстарды дамыту, колледжі қызметкерлерінің кәсіподақпен өзара іс-қимыл деңгейінің арқасында мүмкін болғанын ерекше атап өтті.

Төраға 2022 жылы 01 қаңтарда М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжі жұмыс беруші мен еңбек ұжымы арасында жаңа ұжымдық шартқа қол қойылғанын еске салды.

Колледжде бұл маңызды үш жақты құжат әр үш жыл сайын жасалады және республиканың еңбек заңнамасын мүлтіксіз сақтау, атқарушы биліктің, жұмыс берушілер мен қызметкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі, өзара құрмет және олардың мүдделерінің ымыраға барынша қол жеткізу қағидаттарынан тұрады.

Айсайын кәсіподақтың есепшоты жарна аударымдарымен толықтырылады. «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын негізге алып 30-бабында «Кәсіподақтардың меншігі» көрсетілген тармақтарымен салыстыру барысында кәсіподақтың бюджеті 1-ші тармаққа сәйкес келетіні анықталды. Кәсіподақтардың меншігін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрылған, сатып алынған немесе оған берілген мүлік құрайды.

2. Мыналар:

- 1) мүшелік кәсіподақ жарналары;
- 2) ерікті жарналар және қайырмалдықтар;

3) Қазақстан Республикасы заңдарында тыйым салынбаған өзге де түсімдер кәсіподақ меншігін қалыптастыру көздері болып табылады.

3. Кәсіподақтар өздеріне меншік құқығымен тиесілі мүлікті кәсіподақ мүшелерінің мүдделеріне орай иеленеді, пайдаланады және оған билік етеді.

4. Кәсіподақтар мемлекеттің, жұмыс берушілердің, басқа да заңды тұлғалардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді, өз кезегінде олар кәсіподақтардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

5. Кәсіподақтардың қаржылық қызметі олардың жарғыларына сәйкес жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда колледж кәсіподақ ұйымында 185 мүше бар. Оның ішінде: оқытушылар-109, қызметкерлер-76. Кәсіподақ мүшелерінің орташа жарнасы-1189 тг құрайды.

Ұжымдық шартқа қол қою алдында ол барлық бөлімшелерде егжей-тегжейлі талқыланды. Колледж оқытушылары мен қызметкерлері жалпы саны-239. Оның ішінде: оқытушылар-124, қызметкерлер-115.

Жұмыс барысында кәсіподақ мүшелерімен барлық кәсіподаққа кірген мүшелерінің мүшелік кәсіподақ жарналарын ұстауға рұқсаты берілген етініштерімен танысуға ұсынылған.


Тексеру бағыты бойынша заңға сәйкессіздігі анықталған жоқ.

#### **Ұсыныстар:**


1. Кәсіподақ жұмысын ашық түрде ұйымдастыру жалғастырылсын.
2. Кәсіподақ тарапынан берілетін есептер әлеуметтік желілерде жариялансын.

#### **Жұмысшы тобының мүшелері:**

Жананова А.М.



Байсалова А.Д.



Комплаенс офицер:

А.Шалдарбеков

